

БЕЙНЕУ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

# Рауан

Газет 1985 жылдың 1 шілдесінен шыға бастады

Газет әр аптаның сейсенбі күні шығады

## Құрметті аудан тұрғындары! Ардақты аналар мен аяулы арулар!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Көктемнің нұрлы шуағын төге келген мерейлі мереке көл-көсір қуаныш сыйлай бергей!

Ана қуанышы, әйел қуанышы – ер үйдің, отбасының, Отанның мерейі.

Тәуелсіз еліміздің бүгінгі күнге нығайып, әлем таныған абыроймен жетуіне асыл аналарымыз, ардақты апақарындастарымыздың өлшеусіз үлес қосқандығы ақиқат. Отбасының күнделікті шаруасын, бала тәрбиесін және қоғамдық жұмыстарды қоса атқара жүріп, әйел заты біздің қоғамдағы тұрақтылық пен ел бірлігін сақтау мәселесінде шешуші рөл атқарып келеді.

Әр отбасының береке-бірлігін қалыптастырып, халқымыздың дәстүрі мен салтын, оның мәдениеті мен тарихын, тілін қадірлеуді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан Сіздерге шынайы алғысымды білдіремін.

Еліміздің өлеуетін арттырып, экономикасын дамыту жолында сіздер өндірістің сан алуан саласында еселі еңбек өтіп келесіздер. Тәуелсіздіктің ширек ғасырлық асуынан асқан Қазақстанның жаңғыруының жаңа кезеңінде де өз үлестеріңізді қоса беретіндеріңізге сенімім мол.

Әрбір шаңыраққа шаттық пен бақыт, отбасының аманшылығын, еліміздің өсіп-өркендей беруін тілеймін. Мерекенің мерейімен жандарыңыз жадырап, қуанышқа бөлене беріңіздер!

Құрметпен, аудан әкімі **Б.ӘЗІРХАНОВ**

Тіл – танып-танысу жолы



# ҚазҰУ – жоғары мүмкіндіктер ордасы

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – білім мен ғылымның ірі орталығы, жоғары білім беруде көш бастайтын оқу орны. Еліміздің білім деңгейі, ғылым саласы, қоғамдық өміріне елеулі үлес қосқан, 80 жылдық тарихы бар – қара шаңырақ.**

Қазіргі таңда университетте 15 факультет жас-тарға білім беруде. Факультеттердің барлығы білім беруде заманауи технологиялар, қазіргі заманғы жоғары жетістіктерді, білім берудің озық үлгісін, жастарды ғылымға ынталандырудың жаңа мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қарқынды жұмыс атқаруда. Студенттердің білім мен ғылымға құштарлығы мен талпынысын арттырып, оларға бағыт-бағдар беру мақсатында жоғары дәрежелі оқытушы-профессорлар құрамы қызмет етуде. Оқу орнында білім алам деуші жастарға барлық жағдай жасалған. ҚазҰУ қалашығы аумағынан шықпай-ақ студенттер өз қажеттіліктеріне қол жеткізе алады. ҚазҰУ қалашығы аумағында Ә.А.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, әл-Фараби кітапханасы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, спорттық-сауықтыру кешені, қоғамдық тамақтандыру комбинаты, мұражайлар, оқу-ғаламтор орталығы, жас ғалымдар үйі, жатақханалар, әл-Фараби атындағы студенттік медициналық пункті орналасқан. Бұл – студенттерге қара шаңырақтың жасап отырған зор мүмкіндіктері.

Оқу орнында студент-жастарды тек қана білім алумен ғана шектеліп қалмай, оларды жан-жақты тәрбиелеп, қоғамдық іс-шараларға қатыстырып, тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында университет қабырғасында өртүрлі шаралар, инновациялық әлеуметтік-тәрбиелік жобалар ұйымдастырылады және қоғамдық ұйымдар құрылған. Атап айтар болсақ, университетіміздің ректоры Ф.М.Мұтанов мырзаның

қолдауымен университет аясында студенттердің қоршаған орта жағдайына жанашырлық сезімін ояту мақсатында «ҚазҰУ – Гринкампус», әлеуметтік жаңғырту үдерісіне тарту үшін «Айналанды нұрландыр!», жастардың өдебиетке, қазақ халқының тарихына қызығушылығын арттыру мақсатында «100 кітап», салауатты өмір салтын қалыптастырып, дені сау жастарды тәрбиелеуде «Саламатты дене мәдениеті», жастарды өнерге баулу мақсатында «Қазақфильмен» бірлескен «Отандық кино күні» секілді жобалар қолға алынып, жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар студент-жастардың білім мен ғылымға құлшынысын арттыру, отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында жыл сайын «Мен жастарға сенемін!» атты республикалық патриоттық фестивалі өткізіледі. Бұл фестивальге Қазақстанның барлық аймақтарының оқу орындары студенттерінің қатысуға мүмкіндіктері бар.

Қазақ ұлттық университетінің өлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының арасынан орын алуы – бұл университетіміздің еліміздегі жоғары дәрежелі білім беретін ең үздік оқу орны екендігінің дәлелі.

Сондықтан, мектеппен қоштасып, жаңа өмірге қадам басқалы отырған жастар үздік оқытушылардан білім алып, жоғары дәрежелі маман боламын десе және студенттік өмірлерінің қызықты сәттер мен ұмытылмас шақтарға толы болғанын қаласа, үлкен мүмкіндіктерге қол жеткізгісі келсе, ол үшін бірден-бір білім ордасы – ҚазҰУ. Бұл оқу орнын бітірген жас маманның өз ісінің нағыз білгірі болып қалыптасатыны сөзсіз.

**Қ.Т. АКИМБАЕВА,**

**«Есеп және аудит» кафедрасының аға оқытушысы,**

**Балауса ЗЕЙНЕТОВА,**

**«Есеп және аудит» мамандығының 4 курс студенті**



## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Ізтұрғанова Гүлдана Нұрадинқызының атына 11.11.2015 жылы ҚР ІІМ-нен берілген №040203616 санды жеке куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\*\*

Дарьябаев Науырзбек Амангелдиевичтің атына

Балтабаева Зауреш Реймбаевнаның атына 24.06.2008 жылы ҚР ІІМ-нен берілген №022174561 санды жеке куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\*\*

Куанышбеков Мухтар Алдабергеновичтің атына